

Аңдатпа
магистрлік диссертацияға
6M073100 – «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің
қауіпсіздігі»

Магистрлік диссертациясының тақырыбы:
«Капиллярлы кеуекті бақыланатын жылу алмастырғыш және
шаңсорғыштар»
(Алматы ЖЭО-2 отын жеткізу жүйесінде көбікпен шаң басу)

Галиев Рамиль Айтбаевич

Қазіргі кезде Қазақстандағы көптеген жылу электр орталықтарының басты мәселелері: негізгі және қосымша жабдықтардың физикалық тозуы, атмосфералық ауаның ластануы, күл-қож қалдықтарының жиналуы.

Шаңды ұстау, шаңды басу аймағына қатысты осы мәселелерді талдау жұмыстың келесі мақсаттарын айқындауға мүмкіндік берді:

1. Шаңмен күресу тәсілдерін үйрену, оларды дамыту және шаңдылықты төмендету шараларын таңдау.
2. Шаңды басуға қолданылатын көбіктің қасиеттерін және ББЗ ерітінділерінің сипаттамаларын зерттеу, оларды жақсарту тәсілдерін жетілдіру, сонымен қатар майдадисперсиялы шаң бөлшектерін газ көпіршіктерімен ұстау тиімділігін арттыру.
3. Тозаң дайындау тиімділігін арттыратын ББЗ ерітінділерін және көбіктерді белсендіру әдістерінің көбікті жинау құбылысына және қасиетіне әсерінің жалпы заңдылықтарын анықтау.
4. ЖЭС көмір шаңын азайтудың ең тиімді әдістерін анықтау және оны қолданудың негізін дамыту.

Қойылған мақсатқа жету жолында бірқатар тапсырмалар айқындалды, соның ішінде:

- Алматы ЖЭО-2 қазіргі күйіне және негізгі мәселелеріне талдау жасау;
- ЖЭО-2 экологиялық көрсеткіштеріне талдау жасау;
- отын жеткізудің ленталық конвейерлерінің аударып салу түйіндерін қайта калпына келтіру жолдарын анықтау;
- отын жеткізудің ленталық конвейерлерінің аударып салу түйіндерінде шаңды ұстап және шаңды басудың ең тиімді әдістерін анықтау;
- көбікпен шаңды басу шараларын енгізгеннен кейінгі ЖЭО-2 экологиялық көрсеткіштерін анықтау.

Зерттеу объектісі Алматы қаласындағы жылуэлектр орталығы ЖЭО-2 болып табылады.

Зерттеу әдісі – көбікпен шаңды басу тиімділігін анықтау үшін технико-экономикалық есептеулер.

Зерттеудің теориялық негізі энергетика, экология саласындағы нормативті-құқықтық, нормативті-техникалық құжаттар, ЖЭО-2 техникалық

және экологиялық есеп беру құжаттары, техникалық әдебиеттер мен шетелдік және қазақстандық авторлардың еңбектері болып табылады.

Түйіндік сөздер: жылу электр орталығы, көбік генераторы, ленталық конвейер, экологиялық қауіпсіздік.

Диссертация кіріспеден, 5 негізгі бөлімнен, қорытындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Барлық бөлімдер тәжірибелік болып табылады. Жұмыстың негізгі мазмұны машиналық текстегі 101 парақтан, 7 кестеден және 39 суреттен тұрады. Жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы болып, оның нәтижесінің жобалық, ғылыми-зерттеу және эксплуатациялау ұйымдарында, біздің ғана емес, сондай-ақ басқа елдердің энергетикалық кешендерінің болашақ және экологиялық қауіпсіз даму тапсырмаларын шешу кезінде қолданылуы.

Күні: қаңтар 2019 ж.

(диссертант қолы)

Галиев Р.А.

